

"Облыстық коммуналдық меншіктегі объектілерді кейіннен сатып алу құқығымен (құқығынсыз) мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға беру Ережелерін бекіту туралы" облыс әкімиятының 2005 жылғы 5 мамырдағы N 415 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімиятының 2005 жылғы 20 қыркүйектегі N 547 қаулысы. Қызылорда облысы Әділет департаментінде 2005 жылғы 11 қазанда N 4132 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2011 жылғы 16 тамыздағы N 113 Қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2011.08.16 N 113 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Облыстық коммуналдық меншіктегі объектілерді кейіннен сатып алу құқығымен (құқығынсыз) мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға беру Ережелерін бекіту туралы" облыс әкімиятының 2005 жылғы 5 мамырдағы N 415 қаулысына (тіркеу N 4124, 2005 жылғы 11 маусымдағы N 107-108 "Сыр бойы", 2005 жылғы 10 маусымдағы N 98 "Қызылординские вести" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген облыстық коммуналдық меншіктегі объектілерді кейіннен сатып алу құқығымен (құқығынсыз) мүліктік жалдауға (жалға) беру
Е р е ж е с і н д е г і :

7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Объектілерді мүліктік жалдауға (жалға) беру туралы өтінімді облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерден басқа барлық жеке және заңды тұлғалар бере алады."

Облыс әкімі